

5 сынып

Сабақтың тақырыбы: Мектепте сақталуы тиіс ережелер

**Уракова Сәуле Жетіспайқызы қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
«Қарабалық ауданы әкімдігінің білім бөлігінің Боскөл орта мектебі»ММ**

Оқу мақсаты:

лексикалық мағынасы жағынан заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану (ТБ1.2);

мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау (О1)

Сабақтың мақсаттары

Барлығы:
мәтінді оқиды, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата біледі

Көпшілігі: жазба, ауызша жұмыстарда сын есімдерді қолдана алады

Кейбірі:
мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтай алады

Бағалау критерийлері

- сын есімдерді ажыратады
- сын есімді жазба, ауызша жұмыстарда қолданады
- мәтінді оқиды, негізгі ақпаратты ажыратады

* **Психологиялық ахуал. «Сәлемдесу» тренингі**


* **3 топқа бөлу «Пазл» әдісі**

* **Қызығушылықты ояту**

Сабақ тақырыбын ашу үшін “Адасқан әріп” әдісі

ЖЖ 1-тапсырма :

Берілген мақал-мәтелдердегі көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойып жазыңыз. Сын есімдердің мағынасын ашып беріңіз



Дескриптор Білім алушы

Сын есімдерді мақал-мәтелдердің мағынасына қарай орналастырды –
1балл
Сын есімдерді лексикалық мақсатына қарай ажыратты –
2балл

«Кесте» әдісі



мақалдар	сын есім	мағынасы
... бала-арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала	әдепті	
Туған жердің жуасы да ...	тәтті	
... адам айтқызбай біледі.	тәрбиелі	
Кітап - ... қазына	алтын	

Бағалау



Әр дұрыс жауап үшін топ ішінде балалар бір-біріне смайликтерді береді

2- тапсырма.

Берілген сын есімдерді қолдана отырып, мектеп ережелері туралы постер қорғандар.


Сын есімдер: жақсы, жаман, тәртіпті, тәрбиелі, сыпайы, мейірімді, үлкен, кіші

Дескриптор Білім алушы

- Берілген сын есімді қажеттілігіне қарай қолданды -1 балл
- Мектеп ережесі туралы ауызша мәтін құрды – 2балл

«Постер» әдісі

Бағалау
«Бас бармақ»



3-тапсырма

Мәтінді мұқият оқыңыз. Ондағы 3 маңызды ақпаратты іріктеп, маңызды болу себебін бір сөйлеммен түсіндіріңіз.

Дескриптор Білім алушы
- мәтіннен 3 маңызды ақпаратты анықтады -1балл

- әр ақпараттың маңызды болу себебін 1 сөйлеммен түсіндірді-2балл

3 маңызды ақпарат» әдісі

Маңызды ақпарат	Себебі

Бағалау:
«Бағдаршам»



Рефлексия (кері байланыс)

«Жемісті ағаш»

Тақтада ағаш суреті
ілінген.

Сабақ ұнаса – жасыл
алма

Сабақ түсінбесе –
сары алма

Сабақ ұнамаса –
қызыл алма



